**Ақтөбе облысының білім басқармасы**
**Алға ауданының білім бөлімі**
**№4 «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы**

# «Қауіпсіздік ережелерін сақтайық»

**Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған**
**(4 жас)**

## әдістемелік құралы




**Алға 2024 ж**

Scanned with CamScanner

Алға ауданының білім бөлімінің эксперттік кеңесінде қаралды.

Хаттама № 1
«02» 09 2024 жыл

Алға аудандық білім бөлімінің м.д.б. әдістемелік кабинетінің
әдіскері: Н.Уразгалиева

Құрастырған:
З.Тоқанова №4 Балбөбек бөбекжай бақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор

Пікір жазғандар:
Б. Демесинова №4 Балбөбек бөбекжай бақшасының тәрбиешісі, педагог-зерттеуші
Л.Нурадинова №4 Балбөбек бөбекжай бакшасынын тәрбиешісі педагог-сарапшы

Ұсынылған бағдарлама жас ерекшеліктеріне қарай лайықты өз ойын түйіндеуге қортындылауға негізделді. Тапсырмалар мазмұны жалпы қауіпсіздік ережелерін сақтауға оның жеке жас ерекшеліктері мен даму деңгейіне лайықталды. Мектепке дейінгі баланың жан – жақты, жеке тұлға ретінде дамытуға бағыталған тапсырмалар жүйесінде ұсынылды. Соның нәтижесінде балалар бойында мейірімділік, адамгершілік тәрбиелейді. Бала бойына өзіне деген сенім орнап, өнерге деген оң көзқарасқа дағдыланады.

## Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жарқын болашақтың кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі.Бағдарлама қауіпсіздік ережелер деректеріне сүйеніп, өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру керек екендігін жеткізе білу мақсатымен, адамдардың ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу екіндігі туралы ұғым қалыптастыруға бағытталған.

Мазмұны:
Бағдарлама арқылы болашақ жеткіншектеріміздің өмірін сақтау құзіреттілігін қалыптастыру. Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздіктерін сақтау барысында құрылған жоспардың маңызы зор. Балаларға өмір ең қымбат байлық болып келетіндігін түсіндіру көзделген. Саналы, денсаулығы зор, зерделі азамат болып өсу үшін, өз өмірлеріне де, өзгелер өміріне де нұқсан келтірмеу үшін әрбір бала жол бойында ұқыпты болып, жолда жүру ережелерін бұлжытпай орындауға тиіс екендігін түсіндіру.

Scanned with CamScanner

## Пікір

Бұл бағдарламаны №4 Балбөбек бөбекжай бакшасының «Күншуақ» тобының тәрбиешісі З.М Тоқанова құрастырған.

Құрастырушының негізгі максаты мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді жалпы қауіпсіздік ережелерінің түрлерімен таныстыру. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. Бала бойында өзіне деген сенім орнап, қауіп – катерді тез білуге үйренеді. Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру; үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту; өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтканын тыңдауға баулу.

Бағдарламада берілген материалдар мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне лайыкталып алынды. Бағдарламалық материалды іріктеудегі басты белгі, оның тәрбиелік құндылығы мен көркемдік деңгейі бала жасына сай.

## Бағдарламаның мақсаты:

Бағдарламаның мақсаты өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру керек екендігін жеткізе білу, ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу екіндігі туралы ұғым қалыптастыруға үйрету. Тәрбиеленушілерге келеңсіз жағдай кезіндегі іс-әрекетті, алғашкы жәрдем жасауды үйрету, бір-біріне көмек көрсетуге, болашақта құтқарушы болуға қызығушылығын ояту. Ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу екендігі туралы ұғым қалыптастыруға үйрету.

## Бағдарламаның міндеттері:

- әр мезгілде болатын қауіпсіздікті есте сақтау;
- өрттің табиғатқа, адамдарға әкелетін зардабын түсіндіру;
- балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;
- балаларға барлық техникалық қауіпсіздік ережелерін көрсету.
- табиғатқа қамқор болуды, аялай білуді үйрету;
- оттың тілсіз жау екенін ұқтыру.

Тәрбиеленушілер жалпы қауіпсіздік ережелерін түрлерін, сақтануды дұрыс орындауды білуі керек. Бағдарлама арқылы балаға катерлі жағдайлардан сақтанудын жолдарын игеруді, достарына көмектесу, құтқаруды орындай алады.

Scanned with CamScanner

## Күтілетін нәтиже

Бағдарлама мақсатына жетіп, міндеттері жүзеге асырылуы көзделеді. Тәрбиеленушілер жалпы қауіпсіздік ережелерін түрлерін, сақтануды дұрыс орындауды білуі керек. Бағдарлама арқылы балаға қатерлі жағдайлардан сақтану жолдарын игеруді, достарына көмектесуді, құтқаруды орындай алады. Бала бойында мейірімділік, адамгершілік, бірлесіп ойнау арқылы жолдастық қарым-қатынас орнайды. Бала бойында өзіне деген сенім орнап, өнерге деген оң көзқарас қалыптасады.

Бағдарлама М. Қасымжанованың «Жол және бала» кітабын негізге ала отырып, ересектер топ балаларына бір жылға аптасына 1 рет 36 сағатқа шақталып құрастырылған.

**Тақырыптық жоспар (ересектер тобы)**

| | Барлығы Аптасына | | 36с 1с |
|---|---|---|---|
| № | Тақырыбы | Мазмұны | сағат саны |
| 1 | «Өмір қауіпсіздігі!» Өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру керек екендігін жеткізе білу. | | 1 |
| 2 | «Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ!» | Балаларға өмір ең қымбат байлық болып келетіндігін түсіндіру. Адамдардың ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу екендігі туралы ұғым қалыптастыру. | 1 |
| 3 | «Балаларға қауіпсіздік ережесі!» | Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Ата-анасы болмаған жағдайда өздері білгілері келген заттарды қозғауға тыйым салу. | 1 |
| 4 | «Сақтықта қорлық жоқ!» | Балаларға үлкендердің рұқсатынсыз заттарды қолдану, қауіпсіздік ережесін бұзғандығы екенін ұғындыру. | 1 |
| 5 | «Техникалық қауіпсіздік ережелері» | Балалармен барлық техникалық қауіпсіздік ережелерін көрсету. | 1 |
| 6 | «Қауіпсіздік ережелерін сақтай білейік!» | Балаларға неше түрлі қауіп-қатерлерден сақ болуды үйрету. | 1 |
| 7 | «Егер ата-анаңнан адасып қалсаң!» | Балаларға таныс емес жерде ата-аналарынан адасып қалған жағдайда, сол адасып қалған жерде тұру керек – сонда сені тауып алатындығы туралы ұғым қалыптастыру. | 1 |
| 8 | «Бөгде адамдар!» | Балаларға егер үйлерінде ата-анасы жоқ болған жағдайда сыртқы есікті ешкімге ашпау керектігін үйрету. | 1 |
| 9 | Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік. | Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік | |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктерін түсіндіру. Үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу, қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. | 1 |
| 10 | «Жатар бөлмесіндегі қауіпсіздік!" | Балаларға кереуеттерді қолдану, бұрыштарынан немесе байқаусыздан құлап кетуден сақ болуды ескертіп, түсінік беру. | 1 |
| 11 | «Компьютерде жұмыс істеу тәртібі мен қауіпсіздік ережелері» | Балаларға компьютермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерімен таныстыру.Компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік ережесін үнемі естен шығармау дағдысын қалыптастыру | 1 |
| 12 | «Дәрі-дәрмектен аулақ!» | Қол жетімді жерлерде тұрған немесе тауып алған дәрілерді және қауіпті заттарды қолыңа алмау керектігін, оларды абайсызда жұтып қоюың мүмкін екендігі туралы ұғымдарын кеңейту. | 1 |
| 13 | «Жол қауіпсіздігі» | Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесін үйрету. Жол белгілерін үйреніп, оның түрлерімен ажырата білуге, білгендерін пайдалана білуге тұрақты тұрақты дағдыға айналдыруға үйретеді. | 1 |
| 14 | «Балақай тоқтан сақ бол!» | Қай бөлмеде және қандай жерде болмасын тоққа жақындамау керектігін, оған қандайда бір затты тығуға болмайтындығын түсіндіру. Онда жоғары кернеу болатындығы туралы түсінік беру. | 1 |
| 15 | «Абайла, мұзды жер!» | Балаларға қыс мезгілінде ерекше сақ болып жүруді үйрету. Аяқтың тайып кетуінен туындайтын жағдайлардан сақ болуды түсіндіру. | 1 |
| 16 | «Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік!» | Балаларды көшеде жүрісін реттейтін белгі: бағдаршаммен толығырақ таныстыру және жол белгілері, оның түрлерімен таныстыру. жолда жүру ережесімен таныстыру. | 1 |
| 17 | «Көшеде дұрыс жүру керек!» | балаларды көшеде дұрыс жүріп, көшеде дұрыс жүріп, көшеде сыпайы айқайламай сөйлеп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | «Жолда жүру ережесін білесің бе?» | Балаларға жолда жүру ережесін естен шығармау, есте сақтауға үйрету. Жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | «От бізгі дос па, қас па?» | Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту. Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Өз іс-әркетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту. Өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, ұқыпты болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | «Өрт қауіпсіздігі» | Балаларға өрт қауіпсіздігіне аса көңіл бөлу қажет екендігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін көрсету. | 1 |
| 21 | «Сіріңкемен, оттықпен ойнама – бұл өртке әкеледі!» | Балаларға сіріңке мен оттықтың өрт шығудың ең басты құралы екендігін ұғындыру. Ойнауға болмайтынғын түсіндіру. | 1 |
| 22 | «Сен өрт қауіпсіздігін білесің бе?» | Өрт қауіпсіздік ережелін еске түсіру және қайталау. | 1 |
| 23 | «Қауіпсіздік ережесін білейік, аман-есен жүрейік» | Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру, өрттің табиғатқа, адамдарға әкелетін зардабын түсіндіру. | 1 |
| 24 | «Өрт біздің қасымызда, досымызда» | Оттың адам өміріне пайдысын және зиянын ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 25 | «Мен өрт сөндіруші болар едім!» | Балабақша тәрбиеленушілерін өрт сөндіру ісіне қызықтыру,өрт қауіпі туған кезіндегі әрекеттерге тәрбиелеу. | 1 |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | «Ұшты, өткір заттармен жұмыс жасау қауіпсіздік техникасы!» | Балаларға тұрмыстық жағдайларда кездесетін, ұшты, өткір заттардан (қайшы, пышақ, т.б.) аулақ, абай болуды тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | «Серуен кезіндегі қауіпсіздік!» | Серуенге шығар кездегі қауіпсіздікті сақтауды, жыл мезгілдеріне сай қауіпсіздік ережелері. | 1 |
| 28 | «Тіршілік әлемінің қауіпсіздігі» | Табиғатқа қамқор болуды, аялай білуді үйрету. Әр мезгілде болатын қауіпсіздікті есте сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | «Балабақша қауіпсіздік негіздері» | Балаларға балабақша ішіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. | 1 |
| 30 | «Көшедегі қауіпсіздік» | Көше қауіпсіздіктерімен таныстыру, дұрыс жүруге үйрету. | 1 |
| 31 | «Тұрмыстық мүліктер» | Балаларға тұрмыстық мүлікке ұқыпты қарау, үлкендердің рұқсатынсыз қозғамау туралы түсінік қалыптастыру. | 1 |
| 32 | «Жас құтқарушылар!» | Балаларға келеңсіз жағдай кезіндегі іс-әрекетті, алғашқы жәрдем жасауды үйрету, бір-біріне көмек көрсетуге, болашақта құтқарушы болуға қызығушылығын ояту. | 1 |
| 33 | «Келеңсіз жағдайлар» | Жыл мезгілдері күннің ысуына байланысты көптеген келеңсіз жағдайлар болатынын ескерту. | 1 |
| 34 | «Суға шомылудағы сақтық ережелері» | Суға шомылу ережесімен таныстыру. Ата-анасыз суға шомылуға болмайтындығын қатаң ескерту. | 1 |
| 35 | «Жаз кезіндегі өрт қауіпсіздігі» | Балаға қатерлі жағдайлардан сақтану жолдарымен таныстыру. | 1 |
| 36 | «Қауіпсіз каникул» | Балаларға денсаулық қауіпсіздігінің басты кепілі – олардың қауіп пен одан сақтану жолдары жайында мағлұмат беру. | 1 |
| | Барлығы: | | 36 |

## Қолданылған әдебиеттер:


1. М.Қасымжанова. «Жол және бала» Алматы «РАУАН» 2001ж.
2. Б.Х. Хамзина. «Жол белгілері» Алматыкітап 2012ж.
3. Е. Өтетілеуұлы. «Әдептілік - әдемілік» Алматыкітап 2011ж.
4. М.И. Нүсіпбекова., С.А. Сейлғазинова. «Валеология негіздері» әдістемелік құрал. Алматыкітап баспасы 2013 ж.
5. О.Ф. Горбатенко. «Система экологического воспитания в ДОУ» Волгоград 2008ж.
6. «Бала мен балабақша» Республикалық педагогикалық журнал №7, 2011ж.
7. «Жол атасы – бағдаршам» Отбасы және балабақша №3 133 бет 2009 ж.
8. «Көшедегі кездейсоқ оқиғалар әлемі» Алматыкітап 2010 ж.
9. «Көлік түрлерін таңдаймыз» Алматыкітап 2007 ж.
10. «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» Отбасы және балабақша №6 2013 ж.
11. «Қоршаған ортамен танысу» Алматыкітап 2017 ж.
12. «Мен және бәрі, бәрі, бәрі... » Қоршаған ортамен таныстыру. Алматы Аруна баспасы 2018 ж.
13. «Правила дорожного движения для детей» дошкольного возроста. Москва «Творческий центр» 2019 г.
14. «Өзін-өзі тану» тәрбиешілерге арналған хрестоматия. Алматы 2018 ж.
15. «Эстетическое воспитание в детском саду» Пособие для воспитателей деского сада. Москва «Просвещение» 2000г.


Scanned with CamScanner